«Бекітемін»
«Ақбота Д» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Қ.А.Тайшабаева
Педагогикалық кеңес. Хаттама №1
29 тамыз 2022 жыл

02-01

ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР

2022-2023оқу жылы

1. Ұйымдастыру жұмысы

1.1 Кіріспе
1.2 2021-2022 оқу жылының жұмысын талдау
1.3. 2022-2023 оқу жылының міндеттері
1.4 Балабақшаның күн тәртібі
1.5 Үлгілік оқу жоспары.Ұйымдастырылған іс әрекетінің кестесі
1.6Бір жылға арналған іс-шаралар кестесі

2. Кадрлармен жұмыс

2.1 Педагогикалық кеңес
2.2Өндірістік кеңес
2.3 Меңгеруші жанындағы кеңес
2.4 Педагогтарды аттестаттаудан өткізу кестесі
2.5 Құқықтық біліктілікті көтеру
2.5 Педагогтардың өз білімдерін көтеру жоспары
2.6 Мектеп пен балабақша арасындағы байланыс жұмыс жоспары
2.7 Педагог-психологтың жұмыс жоспары
2.8 Құқықтық жалпы оқыту (Мектепке дейінгі ұйым қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілер)
2.9 Медициналық қызмет
2.10 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жоспары
2.11Педагогикалық әдеп жоспары

3. Әдістемелік жұмыс

3.1 Әдістемелік кеңес
3.2 Консультациялар, семинарлар, семинар-практикумдер, дөңгелек үстелдер
3.3 Озық педагогикалық тәжірибе
3.4 Жас мамандармен жұмыс
3.5 Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер
3.6 Шығармашылық топтың жұмыс жоспары

4. Балалармен жұмыс

4.1 Қауіпсіздік мектебі
4.2 Ертеңгіліктер
4.3 Серуендер
4.4 Сайыстар, көрмелер
4.5Жазғы сауықтыру жұмысы

5. Бақылау мен басшылық

6. Ата-аналармен жұмыс

6.1 Жалпы ата-аналар жиналысы
6.2Топтардағы ата-аналар жиналысы
6.3Ашық есік күнінің жоспары

7. Шаруа-әкімшілік жұмыстар

8. «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» жөніндегі іс шаралар жоспары

9.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

1. Ұйымдастыру жұмысы

1.1 Кіріспе

Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 19 мамырдағы №__ қаулысының негізінде Мақтарал ауданының білім бөлімінің 125 орындық «Ақбота Д» бөбекжай- балабақшасы» ЖШС болып құрылған. Бүгінгі таңда Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ақбота Д» бөбекжай-балабақшасы ЖШС Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Достық а/о, Бескетік е/м, Төле би көшесі №94 үйде орналасқан.

2011 жылдың 19 мамырынан іске қосылып, жұмыстар жүргізілуде. Балабақша ыңғайластырылған ғимаратта орналасқан. Топ бөлмелері, жатын бөлмелері, қабылдау бөлмелері жеке-жеке қарастырылған.

Топтар стандарт талаптарына сай стол-үстелдер, кереуеттер, балалар киімін қоятын шкафтар, ойыншықтар қоятын шкафтар, педагогтарға арналған шкафтармен;

Медицина бөлмесі 3 қабылдау, егу, оқшаулау бөлмелерінен тұрады. Балалардың бойын өлшегіш (ростометр), вакциналарға және дәрі-дәрмектерге арналған тоңазытқыш, балалар температурасын өлшейтін термометр, балалар салмағын өлшейтін тонометр, бактерецидті шам, медециналық таразы, медициналық термометрлер, қол жуатын раковина, медициналық шкафтармен;

Асханада сыртқы болек аулада сонымен қатар стандарт талаптарына сай барлық құрал жабдықтармен жабдықталған. Балабақша ауласында әрбір топқа саяжайлар, құмды бастырмалар бар, бетон қорғанмен қоршалған. Көгалдандыру жұмыстары жыл сайын жүргізіледі.

Балабақшада 5 топта 125 бала тәрбиеленіп, 29 жұмысшылар жұмыс атқаруда.

Соның 14 -ы педагог мамандар:

Оның ішінде –1 дене нұсқаушысы

Психолог- 1

Ән-саз жетекші-1

Жоғары білімді –9

Арнаулы орта білімді - 4

Санатты- 1

Санатсыз –13

Курстан өткені (Өрлеу) – 6

Жаңартылған бойынша – 0

Курстан өтпегені – 0

Балалар жас ерекшелігі бойынша 5 топқа бөлінген:

1. Кіші «Балапан» топта - 20 бала
2. Кіші «Айгөлек» топта - 25 бала
3. Ортаңғы «Балбөбек» топта - 25 бала
4. Ересек «Ақбота» топта - 25 бала
5. Ересек «Балдаурен» топта - 25 бала

Жұмыс мемлекеттік тілде жүргізіледі. Балабақша аптасына 5 күн жұмыс істейді.

1.2 2021-2022 оқу жылының жұмысын талдау.

2021-2022оқу жылында жалпыға міндетті мемлекеттік стандарт бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығының 1 қосымшасына сәйкес карантин талаптарын сақтай отырып 5 топта 10-15 баладан жұмыс жүргізді.

Оқу тәрбие процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мен үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

28.08.2021 жылы 1 педагогикалық кеңесте 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары, күн тәртібі,оқу іс-әрекетінің кестесі, өтпелі тақырыптар, вариативтік компонент, қашықтықтан оқыту ҰОҚ, тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары, шығармашылық топ мүшелері, тәлімгерлерді жас мамандарға бекіту,оқу іс-әрекетінің ашық ұйымдастырылған көрсетілімдері және ашық есік күндері бекітілді. Топтардың оқу жылына дайындығы сарапталды.

2021-2022 оқу жылының бірінші жарты жылдығында тәрбиешілердің білімін жетілдіру, тәжірибе алмасу мақсатында «Жыл мезгілдеріне» арналған картотекалар көрмесі ұйымдастырылып, жеңімпаз педагогтар марапатталды.

Бас жүлде – ересек «Балдаурен» тобының тәрбиешілері Акшалова Орынкул, Сәменова Ұлдана, I орын – ортаңғы «Ақбота» тобының тәрбиешісі Сейтова Анаркул, ортаңғы «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Нуртаева Гулзинат, Илимова Айжамал , II орын кіші «Айгөлек» тобының тәрбиешілері Туракелдиева Гулшахра, Кеңесова Раушан, III орын кіші «Балапан» тобының тәрбиешілері Жақыпбек Лаззат, Абдиханова Айсара иеленді.

Педагогикалық кеңестерге «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту» тақырыбында кеңес, «Балаларды креативтілік, сыни ойлау, коммуникативтілік және командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу» және «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану» тақырыптарында баяндама лар оқылып, талқыланды. Екі айда бір рет меңгеруші жанындағы кеңесте жоспарланған іс-шаралар және аудандық білім бөлімінен түскен кіріс құжаттарталқыланып іс-шаралар түзіліп, қаулылыр қабылданды.

Жалпы ата аналар жиналысы мен топтық ата-аналар жиналысы жоспарға сай өткізіліп отырады. Оқу жылының I, II жарты жылдығының қорытындысы бойынша балалардың білімін бағалау мониторингі және педагогтар өз істеген жұмыстарының қорытындысы бойынша есеп берді.

Оқу жылының міндеттемелері:

1. **«Денсаулық» білім саласы:**

1.1 Денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту;

1.2. Түрлі шынықтыру және сауықтыру шаралары арқылы дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, қауіпсіз мінез-құлықтарының қалыптасуына ықпал ету;

1.3 Әуенге сәйкес музыкалық-ырғақты қозғалыстар және жаттығуларды дұрыс орындауға үйрету.

2.**«Таным» білім саласы:**

Мемелекеттік ана тілін үйренуге дайын, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға талпынысы бар мектепке дейінгі бала тұлғасын қалыптастыру.

Тілдерді меңгеру үдерісінде қатынас құралы ретінде балалардың тілдік ойлау әрекетін белсендіру. Тілдік шығармашылықты, сөз мәнерлілігін дамыту мақсатында жыл бойына жұмыстар жүргізілді.

Педагогтарға консультациялар бекітілген тақырыптар бойынша ұйымдастырылды. Бала тәрбиесінде жаңа инновациялық технологияны қолданудың тиімділігі, оқу тәрбие барысын жоспарлау, балабақшадағы театр сабақтары, мдұ балаларының танымдық тілдік дамуы, математикалық түсініктерді қалыптастыруда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану.

Жас мамандардың білім-білігін жетілдіру мақсатында: топтардағы құжаттарды рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек көрсету, балалардың даму диагностикасын өткізу бойынша кеңестер, сабақтарға дайындық бойынша кеңестер, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын түсіну бойынша кеңестер, жас мамандармен тест өткізу, өз білімін жетілдіру, ұйымдастыру-педагогикалық шараларды жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсету, сабақтарға және күн тәртібіндегі сәттерге өзара қатысу, ата-аналармен жұмыс жүргізу бойынша кеңестер беріліп, жас маманның кәсіптік деңгейіне диагностика т.с.с. жұмыстар жүргізілді.

Балабақшаның жылдық жоспарында жоспарланған «Білім күні», «Республика күні», «Алтын күз», «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл», «8 наурыз-аналар мерекесі», «Наурыз», «1,7,9 мамыр мерекелері», «1 маусым- Балаларды қорғау күніне» арналған іс-шаралар ата-аналардың қатысуынсыз ұйымдастырылып, өтілді.

Балалармен «Дәріханаға», «Дүкенге», «Мектепке» серуендер ұйымдастырылды.

Оқу-тәрбие жұмысына бақылау жасау кестесі бойынша жоспарланған тексеру-бақылаулар жүргізілді.

Балабақша педагогтары мен тәрбиеленушілері түрлі сырттайұйымдастырылған байқауларға қатысып жүлделі орындарды иеленді.

Балабақшада әр түрлі іс-шаралар, апталықтар, ертеңгіліктер мен ашық ҰОҚ, семинар-кеңестер жүйелі түрде ұйымдастырылып тұрады. Сапалы білім мен өнегелі тәрбиені әрбір бүлдіршіннің бойына сіңіру-балабақша қызметкерлерінің басты мақсаты. Балабақша педагогтары мен тәрбиешілерінің жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге деген талпыныстары нәтижесінде зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да қабілеттерінің қалыптасуы нәтижесінде оқу-тәрбие үрдісі алға жылжиды.

Қараша- наурыз айларында күнделікті орташа 20-22*С жылулық көрсетіп, жылу тәртібі сақталды.

Медбике А.Нышанбаеваның ұйымдастыруымен балалар жарақатының алдын алу іс-шаралары, денсаулықты қорғау бағытында, балалар денсаулығына тұрақты талдау жүргізіліп, топтарда тамақ блогында, кір жуатын бөлмеде дезинфекциялық ережелерді орындау талап етіліп, бақылау жүргізіліп отырады.

Ата-аналармен жұмыс:

Жалпы ата-аналар жиналысы 3 рет, топ жиналыстары 3 рет өткізілді. Күн тәртібінде балалардың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыру және отбасында психологиялық-педагогикалық ыңғайлы жағдай мүмкіндіктерін қалай қалыптастыруын, отбасында баланы тәрбиелеу, дамыту, балаға эмоцияналды жағдай орнату мәселелерін шешу жолдарын бірлесе отырып шешуге әрекет жасадық. Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалармен айына 1 рет консультация өткіздік. Ата-аналармен сауалнама, пікір талас, тренингтер мен кеңестер ұйымдастырылды. Ата-аналар қанағаттануының нәтиже көрсеткіші орта есеппен 80 пайызды құрайды.

Балабақша ауданның басқа мекемелерімен: өрт сөндіру мекемесі, «Денсаулық» емханасы, СЭС, аудан басылымдарымен және «Өркен», «Отбасы және балабақша» балаларға арналған республикалық журналдар редакцияларымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізуде.

Жылдық көрсеткіш:

Тәрбиеленушілердің білім-білік деңгейі:

I-деңгей-1,4%

II-деңгей- 61,4%

III-деңгей- 37,1% құрады.

Шаруа- әкімшілік жұмыс: Шаруашылық меңгеруші Д.Азимов жаңа оқу жылына топтардың ағымдағы жөндеу жұмыстарын, жаз мезгілінде балалардың ойын алаңын дайындау, ыдыс-аяқ, жұмсақ жаймаларды жөндеп, жаңалау жұмыстарын жүргізді.

2021-2022 оқу жылындағы кемшіліктерді жою мақсатында келесі 2022-2023 оқу жылында мақсаттарды белгілеп жұмыс жүргізіледі.

Жыл бойында қол жеткізген жетістіктер көп болды, сонымен қатар көңіл бөліп қолға алатын мәселелерде жоқ емес. Оқу-тәрбие процесінде балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, зияткерлік қабілеттерін дамытуға көбірек көңіл бөлу.Жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыратын білім көтеру жұмыстарын жалғастыру. Жұмыс барысында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді ендіру, жан-жақты ізденіп жұмыс жүргізу. Заманауи көрнекіліктермен қамтамасыз ету, сертификатталған ойыншықтар жиынтығын көбейту.

Өткен оқу жылының қорытынды мониторинг нәтижесі және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатына сәйкес Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **мақсаты** балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады.

Балалар біздің баға жетпес асыл қазынамыз. Балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту үшін тәрбие мен білім беру тығыз бірлікте, біртұтас жүйеде жүргізілуі керек. Сапалы білім саналы тәрбиемен ұштасқанда ғана қоғам өзінің рухани дамуында нәтижеге қол жеткізбек. Бала жүйелі білім алып, алған білімін есте сақтап және сол білімді тәжірибеде пайдалана білгенде ғана жеке тұлға ретінде қалыптасады.

1.3 2022- 2023 оқу жылындағы негізгі мақсат-міндеттер.

- Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлыдамытушықауіпсізбілімберуортасын,оныңішіндеинклюзивтіортақұру;
- Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін,қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды,ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- Баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес)балаларды дамыту.

1.4 Балабақшаның күн тәртібі

Бекітемін:
«Ақбота Д» бөбекжай
балабақшасы
меңгерушісі
Қ.Тайшабаева

КҮН ТӘРТІБІ
Кіші жас «Балапан», «Айгөлек» тобы
(2 жастан бастап)

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертенгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	07.30 - 08.30
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	08.30 - 09.30
Дербес әрекет, ҰІӘ дайындық	09.30 - 10.00
ҰІӘ	10.00 - 10.35
Серуенге дайындық, серуен	10.35 - 11.40
Серуеннен оралу	11.40 - 12.00
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.00 - 12.30
Ұйқыға дайындық, ұйқы	12.30 - 15.00
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.35
Серуенге дайындық, серуен	16.35 - 17.30
Серуеннен оралу	17.30 - 17.50
Балалардың үйге қайтауы	17.50 - 18.00

КҮН ТӘРТІБІ
Ортаңғы «Балбөбек» тобы
(3 жастан бастап)

Режимдік сәттер	Уақыты
1	**2**
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертенгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	07.30 - 08.00
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	08.00 - 08.30
Дербес әрекет, ҰІӘ дайындық	08.30 - 09.00
ҰІӘ	09.00 - 10.10
Серуенге дайындық, серуен	10.10 - 12.10
Серуеннен оралу	12.10 - 12.30
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.30 - 13.00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13.00 - 15.10
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.10 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.45
Серуенге дайындық, серуен	16.45 - 17.30
Серуеннен оралу	17.30 - 17.50
Балалардың үйге қайтауы	17.50 - 18.00

КҮН ТӘРТІБІ
Ересек «Ақбота», «Балдаурен» тобы
(4 жастан бастап)

Режимдік сәттер	Уақыты
1	**2**
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертенгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	07.30 - 08.00
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	08.00 - 08.30
Дербес әрекет, ҰІӘ дайындық	08.30 - 09.00
ҰІӘ	09.00 - 10.30
Серуенге дайындық, серуен	10.30 - 12.10
Серуеннен оралу	12.10 - 12.30
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.30 - 13.00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13.00 - 15.10
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.10 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 15.50
Ойындар, дербес әрекет	15.50 - 17.15
Серуенге дайындық, серуен	17.15 - 17.40
Серуеннен оралу	17.40 - 17.50
Балалардың үйге қайтауы	17.50 - 18.00

1.5 Үлгілік оқу жоспары

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары
		Кіші «Балапан», «Айгөлек» топ (2 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
6	Мүсіндеу	күн сайын
7	Жапсыру	күн сайын
8	Құрастыру	күн сайын
9	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка ***	күн сайын

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

Орта жас тобына арналған үлгілік оқу жоспары

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	Орта жас «Балбөбек» тобы (3 жастан бастап)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру	күн сайын
2	Сөйлеудідамытужәнекөркемәдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет
	Қазақ тілі	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка ****	күн сайын

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен

таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

ЕРЕСЕК «Ақбота», «Балдаурен» топтары

Апта күндері	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру	Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
		Музыка			

1	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	күн сайын
3	Көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі***	күн сайын
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
7	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
8	Құрастыру	
9	Музыка****	күн сайын

1.6 Бір жылға арналған іс- шаралар кестесі

№	Балабақша іс-шаралары	YIII	IX	X	XI	XII	I	II	III	IY	Y	YI	YII
1	Педагогикалық кеңестер	+			+			+			+		
2	Меңгеруші жанындағы кеңестер		+			+		+		+		+	
3	Өндірістік кеңестер	+			+		+			+			
	Әдістемелік кеңестер		+			+			+				
4	Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер			+				+					
5	Семинар-практикум			+				+					
6	Педагогтарға арналған кеңес- нұсқаулар	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
7	Ата-аналар жиналысы: • Жалпы • Топтық • Ата-аналарға консультация • Ашық есік күндері		+ + +	+ +	+ +	+ +	+ +	+ +	+ +	+ +	+ + +		
8	Бақылау мен басшылық • Шолу • Тақырыпты • Салыстыру • Жан- жақты • Жедел бақылау • Мониторинг • Қорытынды	+	+ +	+		+ + +	+ + +	+ +		+ +	+ + +		+ +
9	Бала өмірін қорғау бойынша инструктаж		+			+						+	
10	Әдіскерлік бөлменің жұмысы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
11	Мерекелік іс шаралар	+	+	+		+			+		+	+	+
12	Көрмелер мен байқаулар			+			+			+			
13	Денсаулық күні, мерекелер						+			+			
14	Мақсатты серуендер		+							+			

15	Әкімшілік- шаруашылық жұмысы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

2. Кадрлармен жұмыс

2.1 Педагогикалық кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	**№ 1 Педагогикалық кеңес** 1. Педагогикалық ұжымды 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру. 2. Денсаулық технологиясы. Баяндама.Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту. 3.Жас мамандарға тәлімгергерлерді бекіту. 4.Топтарға жауапты тәрбиешілерді бекіту.	29 Тамыз	Меңгеруші К.Тайшабаева Әдіскер Л.Бұлтбаева Әдіскер Л.Бұлтбаева Меңгеруші К.Тайшабаева
2	**№2 Педагогикалық кеңес** 1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Балабақшадабалалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдай туғызу.Тәжірбие алмасу. 3.Баланың тілдік құзыреттілігін қалай қалыптастырамыз?Баяндама. 4.Ашық оқу қызметінің талқылау.	Қараша	Меңгеруші К.Тайшабаева Әдіскер Л.Бұлтбаева Меңгеруші К.Тайшабаева Тәрбиеші О.Акшалова
3	**№3 Педагогикалық кеңес** 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы; 2.Баяндама «Балабақшада заттық-кеңістік дамытушы ортасын құрудың тиімділігі»; 3.«Санэпид. ережелерінің орындалуы» жан-жақты тексеру қорытындысы. 4.«Үздік портфолио» байқау қорытындысы; 5.Көрме:«Өнер-өнерліге ғана оңай» педагогтар мен тәрбиешілердің педпроцесте қолданылатын көрнекіліктері.	Ақпан	Меңгеруші К.Тайшабаева Тәрбиеші А.Илимова Әдіскер Л.Бұлтбаева Меңгеруші К.Тайшабаева Әдіскер

	6.Сұрақ- жауап: «Кім мықты?»		Л.Бұлтбаева
4	**№4 педагогикалық кеңес** 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы; 2.Үздік терезе алдындағы бақша» байқаудың қорытындысы; 3.Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін қалыптастыру барысында дидактикалық ойындардың алатын орны». 4.Жазғы сауықтандыру жұмыс жоспарын талдап, бекіту; 5. Жазғы ұйымдастырылған іс әрекеттерініңкестесін бекіту. 6.Педагогтардың шығармашылық жұмыстарының есебі; 7. Ашық ұйымдастырылған ісәрекеттерін талдау; 8.Оқу жылының қорытындысы.	Мамыр	Меңгеруші К.Тайшабаева Әдіскер Л.Бұлтбаева Тәрбиеші Меңгеруші К.Тайшабаева Әдіскер Л.Бұлтбаева Меңгеруші К.Тайшабаева

2.2 Өндірістік кеңес

№	Мазмұны	Мерзімі	жауаптылар
1	1.Жазғы ағымдағы жөндеу жұмыстарының қорытындысы туралы; 2.Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелерін бекіту; 3.Жұмысшыларға міндеттемелерді жүктеу; 4. Еңбек қауіпсіздігі туралы нұсқаулық; 5.«Өрт қауіпсіздігі» қауіпсіздік ережелері туралы нұсқау жүргізу.	Тамыз	Меңгеруші К.Тайшабаева Шаруа меңгеруші Д.Азимов
2	1.Өткен кенестің шешімдерінің орындалуы; 2.Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар жүргізу; 3.Жаңа жыл мерекесіне дайындық өрт қауіпсіздігі ережелері туралы нұсқау жүргізу; 6. Жылу мәселесі бойынша; 7. Қызметкерлердің жыл сайынғы ақы төленетін кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту.	Желтоқсан	Менгеруші К.Тайшабаева Мейірбике Нышанбаева Амина Шаруа меңгеруші Д.Азимов
3	1.Өткен кенестің шешімдерінің орындалуы; 2.«Төтенше жағдайлар кезінде балабақшадағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі ережелері» туралы; 3.Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы; 4.Көгалдандыру жұмыстары туралы.	Наурыз	Менгеруші К.Тайшабаева Шаруа меңгеруші Д.Азимов Мейірбике Нышанбаева Амина Шаруа меңгеруші Д.Азимов
4	1.Өткен кенестің шешімдерінің орындалуы; 2.Баяндама: Ішек жұқпалы аурулардың (гастроэнтероколит, дизентерия) алдын алу; 3. Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық;	Мамыр	Менгеруші К.Тайшабаева Мейірбике Нышанбаева Амина Менгеруші К.Тайшабаева Шаруа меңгеруші

	4.Жазғы жөндеу жұмыстары туралы; 5. Кәсіподақ төрайымының жыл бойы атқарылған жұмыс туралы есебі.		Д.Азимов Кәсіподақ төрайымы Л.Бұлтбаева

2.3 Меңгеруші жанындағы кеңестер.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1.Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау. 2. Білім күнін атап өту. 3. Балабақшаның жалпы ата аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының жылдық жоспарын бекіту. 4. Тіл мерекесін ұйымдастыру.	Қыркүйек	Меңгеруші Әдіскер Әдіскер Әдіскер тәрбиешілер
2	1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы. 2.Оқу процесіне басшылықпен бақылау. 3.Балабақшаның санитарлық гигиеналық жағдайы мен күн тәртібінің сақталуы туралы «Тіл апталығын» мерекесін талқылау. 4. «Алтын күз» мерекесін қашықтықтан өтізу.	Қараша	Меңгеруші К.Тайшабаева Тәрбиеші Л.Жақыпбек
3	1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы. 2. «Тәуелсіздік күні»мерекелерін өткізу. 3.Балабақшада Құқықтық тәрбиенің жүзеге асуы. 4.Араралық маниторинг.Топтың бағдарламаны игеру деңгейі. 5. 8-Наурыз аналар, «Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» ертеңгіліктерін іс-шара жоспарын бекіту.	Қаңтар	Меңгеруші К.Тайшабаева Әдіскер Тәрбиешілер
4	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде. 2. 8 наурыз, Наурыз мерекелеріңіз талдау. 3. Топ бөлмелерін балабақша ауласын көгалдандыру. 4.Таңертеңгі жаттығу спорттық құралдар пайдалану және жоспарлау. 5. Балабақшада вирустық аурулардың алдын алу оның ішінде инфекцияның алдын алу.	Наурыз	Меңгеруші К.Тайшабаева Тәрбиешілер Меңгеруші Әдіскер, тәрбиешілер

5	1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы. 2. Мерекелерді талқылау. 3.Оқу бағдарламасының меңгеруі 4.Қош бол балақша! 4. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.	Мамыр	Меңгеруші К.Тайшабаева Әдіскер Меңгеруші К.Тайшабаева
6	1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.. 2.Тамақтануды және ас әзірлейтін бөліктің жұмысын ұйымдастыру. 4.Жөндеу жұмыстары жөнінде. 5.Жаңа оқу жылына дайындық.	Шілде	Меңгеруші К.Тайшабаева

2.4 2022 – 2023 оқу жылында педагогикалық кадрлардың аттестаттаудан өту кестесі

№	Педагогтың аты-жөні	Қызметі	Бітірген оқу орны	Мамандығы	Санаты	2021 - 2022	2022 - 2023	2023 - 2024
1	Тайшабаева Қанткүл Абдуалиевна	меңгеруші	Арнаулы орта, Жетісай қазақ пед училище, 1980ж	Бастауыш	II 2016	+		
2	Бұлтбаева Ләззат Жетібайқызы	әдіскер	Жоғары, Ы.Алтынсарин атындағы пед институт, 2016ж	Мектепке дейінгі оқыту		+		
3	Акшалова Орынкүл Тунгышбаевна	тәрбиеші	Жоғары, Қазақ инженерлі-пед халықтар Достығы универ, 2015ж	Бастауыш	II 2016	+		
4	Илимова Айжамал Адилхановна	тәрбиеші	Жоғары, Сырдария универ, 2006 ж	Тарих және география	II 2016	+		
5	Калдыбаева Айжан Адебиатовна	психолог	Жоғары, Қазақстан инженерлі-пед.қ халықтар Достығы университеті, Педагогика және психология 2014ж	Педагогика және психология		+		
6	Туракелдиева Гулшахра Умиртаевна	тәрбиеші	Арнаулы орта, Жетісай қазақ пед училище,1993ж	Мектепке дейінгі оқыту		+		

7	Мамасерикова Үміт Шірінбекқызы	тәрбиеші	Жоғары, Ы.Алтынсарин атындағы пед институт, 2016ж	Мектепке дейінгі оқыту		+		
8	Сейтова Анаркуль Мусабаевна	тәрбиеші	Жоғары, ШӘПУ, 2010 ж	Бастауыш		+		
9	Нуртаева Гулзинат Урумхановна	тәрбиеші	Жоғары, Сырдария универ, 2009 ж	Биология		+		
10	Жақыпбек Ләззат Абылқасқызы	тәрбиеші	Жоғары, Ж.Тәшенов атындағы университеті, 2024ж	Бастауышта оқыту педагогикасы		+		
11	Кеңесова Раушан Мейрамбекқызы	тәрбиеші	Жоғары, АӘИУ, 2019ж	Бастауыш				+
12	Азимов Нурлан Досанович	Дене нұсқаушысы	Арн.орта, Ғ.Мұратбаев атын.гум колледж	Дене шынықтыру		+		
13	Әбдуәлі Рыскүл Мұхтарқызы	тәрбиеші	Жоғары, Орталық Азия инновациялық университеті,	Бастауыш оқыту педагогикасы		+		
14	Босынова Жақсыгүл Аралбекқызы	Ән-саз жетекші	Жоғары, М.Әуезов атындағы Оңт.Қазақстан университеті,	бастауыш оқыту әдістемесі		+		

2.6 Мектеп пен балабақша арасындағы байланыс жұмыс жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	«Мектеппен балабақша арасындағы сабақтастық» дөңгелек үстел	Қазан	Әдіскер Л.Бұлтбаева
2	Мектептегі мектепалды топ мұғалімдері үшін балабақшаның ересектер тобына ашық есік күндерін ұйымдастыру	Қаңтар	Ересек топ
3	22-наурыз Ұлыстың ұлы күніне орай өткізілетін іс шараға мектептегі мектепалды дайындық мұғалімдерін шақыру	Наурыз	Әдіскер Л.Бұлтбаева
4	«Балаңыз мектепке дайын ба?» ата-аналарға сауалнама	Сәуір	Ересек топ

2.7 Педагог-психологтың жұмыс жоспары

Мақсаты:Сапалы тәрбие беру үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыру; білім беру саласында балалардың психологиялық дамуына көмектесу.

Міндеттері:1.Психологиялық саулықтарын нығайту, жасы мен жеке дамуын ескере отыра, балабақшада әр балаға ыңғайлы жағдай жасау;

2. Білім беру саласында әр балаға дер кезінде психологиялық көмек пен алдын-алу жұмыстарын жүргізу.

3. Педагог кадрлар мен ата-аналар қауымының психологиялық саулық туралы түсінігін кеңейту.

Жылдық жұмыс бағыттары:

- Ақпаратты –аналитикалық бағыт;
- Психодиагностика;
- Түзету-дамытушылық;
- Кеңес беру;
- Психопрофилактика,психоағарту.

№	Ақпаратты –аналитикалық бағыт	мерзімі	жауапты
I.	**Әкімшілік- құрылымдық құжаттармен жұмыс** 1. Жылдық жұмыс жоспарын құру; 2. Кабинет құжаттарымен жұмыс; 3. Педагогика-психологиялық құжаттармен жұмыс: - психологтың кеңес беру журналы: (ата-аналарға, педагогтарға) - дарынды балалармен жұмыс журналы; - түзету-дамытушылық жұмыстар журналы; - апталық жоспар журналы; -сұраныстар журналы. - жыл бойы жүргізілген жұмыстарының аналитикалық, статистикалық есебі.	Тамыз/қыркүйек Жыл бойы Жыл бойы Жыл бойы Мамыр	Психолог Калдыбаева А
II.	**Мұрағат құжаттарымен жұмыс** 1. Психопедагогикалық даму картасы; 2. Психологиялық зерттеулердің нәтижесі; 3. Диагностикалық зерттеулердің хаттамасы;	Жыл бойы Жыл бойы Жыл бойы	Калдыбаева А
III.	**Ұсынылатын құжаттары:** • Жылдық жұмыс жоспары; • жыл бойы жүргізілген жұмыстарының	Тамыз	Калдыбаева А

	аналитикалық, статистикалық есебі; • кіші және ортаңғы топ балаларының таным процессінің көрсеткіші; • балабақша түлектерінің мектепке дайындығын зерттеу қортындысы;	Қыркүйек Мамыр Желтоқсан/ Мамыр	
IV.	**Өзіндік даму жоспары:** - балабақша жұмысына белсене араласу; - аудандық, облыстық семинарларға қатысу; - біліктілігін көтеру; - семинар мен іс-шаралар өткізу	Балабақша жоспарына сәйкес.	

Тәрбиеленушілермен жұмыс.

№	Мазмұны	Жұмыс түрі	мерзімі
I.	**Психодиагностика:**		
	• кіші және ортаңғы топ балаларының таным процесінің көрсеткіші /алғашқы тексеру/	Топтық тексеру	Қыркүйек-қазан-қараша
	• кіші және ортаңғы топ балаларының таным процесінің көрсеткіші /қайталап тексеру/	Топтық тексеру	Ақпан
	• Кіші және ересек топ балаларының қобалжуын тексеру / «Өмірде жоқ жануар» тесті/	Жеке тексеру	Наурыз
	• Отбасы жайлылығын анықтау / «Менің отбасым» тесті/	Топтық тексеру	Желтоқсан
	• Жеке тұлғалық қасиетін анықтау • «Үй- адам- ағаш» проективті тесті	Жеке тексеру	Қаңтар
II.	**Түзету-дамыту жұмыстары.**		
	• Мектепке дейінгі балалардың қобалжуын сейілту	жеке жұмыс	Сәуір
	• Тәртібінде қиындығы бар балалармен психосергіту жұмыстары.	жеке жұмыс топтық жұмыс	Жыл бойы Қаңтар
	• «Міне, біздер қандаймыз!» / Крюкова С.В/. - кіші топ балаларының көңіл-күйін көтеру.		Желтоқсан
	• Ортаңғы және ересек топ балаларының тұлғааралық қарым қатынасын анықтау /социометрия әдісі/	топтық жұмыс	Ақпан
	• « Мектепке дайындық» психофизиологиялық дамуын, жетілуін, таным қасиетін дамыту.	топтық жұмыс	Қазан
